

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қырғыз Республикасының Шекара қызметі арасындағы Жедел-ізвестіру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1322 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қырғыз Республикасының Шекара қызметі арасындағы Жедел-ізвестіру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қырғыз Республикасының Шекара қызметі арасындағы Жедел-ізвестіру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы

Хаттама

(Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қырғыз Республикасының Шекара қызметі, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара күзетіндегі ынтымақтастық туралы 2001 жылғы 15 желтоқсандағы келісімді басшылыққа ала отырып, қазақстан-қырғыз мемлекеттік шекарасын (бұдан әрі - мемлекеттік шекара) күзету бойынша қызметті қамтамасыз ету мақсатында мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Хаттамада белгіленген тәртіппен және шарттарда, сондай-ақ өздерінің мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметінің мәселелері бойынша ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар жедел-ізвестіру қызметінің мәселелері бойынша ынтымақтастықты мынадай жолдармен ұйымдастырады:

мемлекеттік шекарада және ол арқылы өткізу бекеттерінде жедел жағдайды бірлесіп т а л д а у ж ү р г і з у ;

өзара мүддені білдіретін ақпараттар алмасу;
мемлекеттік шекарадан заңсыз өткен, өткізу бекеттерінде режимді бұзғаны үшін
ұсталған адамдарды тексеру бойынша жәрдем көрсету;
жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру мүддесіне ұсыныстарды әзірлеу және оларды
бірлесіп іске асыру, мемлекеттік шекарада құқықтық тәртіпті нығайту;
жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы сұрауларды орындау және
мемлекеттік шекараны бұзу және оған байланысты қылмыстар туралы істер бойынша
а н ы қ т а у ж ү р г і з у .

Осы баптың ережелерін іске асыруға байланысты шығыстар өз мемлекетінің аумағы
шегінде әрбір Тарап дербес көтереді.

3-бап

Әрбір Тарап басқа Тарап берген ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз етеді,
егер бұл ақпарат құпия сипатта болса немесе беруші Тарап оның мазмұнын жария етуге
т и і с е м е с д е п т а п с а .

Осы Хаттаманың шеңберінде бір Тараптан алынған ақпараттарды үшінші Тарапқа
беру осы ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

4-бап

Тараптар тиісті бөлімшелер басшыларының деңгейінде жедел жағдайдың
деректерімен алмасу, нақты бірлескен іс-шаралар әзірлеу үшін, сондай-ақ өзара
мүдделікті білдіретін басқа да мәселелер бойынша тұрақты консультациялар жүргізеді.

5-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға жекелеген хаттамалармен
ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен
толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы
барлық келіспеушіліктер мен қайшылықтар өзара консультациялар мен келіссөздер
жолымен шешілетін болады.

6-бап

Осы Хаттама оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қазақстан
Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекараны
күзетудегі ынтымақтастық туралы 2001 жылғы 15 желтоқсандағы келісіммен бірге бір
уақытта өзінің іс-әрекетін тоқтатады.

200__ жылғы " __ " _____ қаласында, екі данада, әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының *Қырғыз Республикасының*
Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін *Шекара қызметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК